

Бильярд бойынша қызмет көрсететін, салық төлеушілер үшін бір салық салу объектісінен алынатын тіркелген салық ставкалар мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 141 шешімі. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 сәуірде № 9-19-99 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 442 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2011.12.21 № 442 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 422-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының негізінде Ұзынкөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Бильярд бойынша қызмет көрсететін, салық төлеушілер үшін бір салық салу объектісінен алынатын тіркелген салық ставкасының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*IV шақырылған Ұзынкөл аудандық
мәслихатының хатшысы, кезекті*

тоғызыншы сессиясының төрағасы

В. Вербовой

М ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 2

с ә у і р д е г і

№ 141 шешіміне қосымша

Бильярд бойынша қызмет көрсететін салық төлеушілер үшін, бір салық салу объектісінен алынатын тіркелген салық ставкасының мөлшері

Реттік нөмірі	Салық объектісінің атауы	салық	Тіркелген ставкасының (айлық көрсеткіш) айына	салық мөлшері есептік

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК